

БЕКІТЕМІН:

Астана қаласы әкімдігінің
«Мемлекеттік шығармашылық
тапсырысты іске асыру
дирекциясы» КММ-нің басшысы



Е. Жалғас

2024 ж.

**Астана қаласы бойынша мемлекеттік шығармашылық тапсырыс қызметтерін
жеткізушілердің көшпелі мониторингісін жүргізу тәртібі.**

1. Жалпы ережелер

1. Астана қаласы бойынша мемлекеттік шығармашылық тапсырыс қызметтерін жеткізушілердің көшпелі мониторингісін жүргізу дің осы тәртібі (бұдан әрі – Тәртіп) «Мемлекеттік шығармашылық тапсырыстың жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру әдістемесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2021 жылғы 27 сәуірдегі № 113, «Балалар мен жасөспірімдерге арналған шығармашылық үйірмелерде мемлекеттік шығармашылық тапсырысты орналастыру және олардың жұмыс істеуі қағидаларын бекіту туралы» 2021 жылғы 28 сәуірдегі № 122, «Балалар мен жасөспірімдерге арналған шығармашылық үйірмелерді жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру қағидаларын бекіту туралы» (бұдан әрі – Қағидалар) 2021 жылғы 28 сәуірдегі № 123 бүйрықтарына сәйкес және Астана қаласы әкімдігінің «Мемлекеттік шығармашылық тапсырысты іске асыру дирекциясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің (бұдан әрі - Оператор) ішкі құжаттарының негізінде әзірленді.

2. Осы тәртіп Оператор тұлғаларының Астана қаласы бойынша мемлекеттік шығармашылық тапсырысты жеткізушілерге мониторинг жүргізу рәсімін біркелкі түсінуін және қолдануын қамтамасыз етуге арналған.

3. Тәртіп жеке қолданылатын құқықтық құжат болып табылады және нормативтік құқықтық актілерге жатпайды.

4. Мемлекеттік шығармашылық тапсырыс қызметтерін Жеткізушілердің көшпелі мониторингісі Жеткізушінің сабак өткіzetтін жеріне барып жүргізіледі.

5. Жеткізушінің жоспарланған көшпелі мониторингісі Оператордың бекітілген кестесіне сәйкес жылына бір рет жүргізіледі.

6. Оператор көшпелі мониторингті Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін жолдармен өз құзыretі мен өкілеттігі шенберінде жүргізеді.

7. Көшпелі мониторинг Қағидаларда көзделген талаптарға сәйкестігіне, Жеткізушілер ұсынатын қосымша білім беру қызметтерін бақылауды жүзеге асыру мақсатында жүргізіледі

8. Көшпелі мониторинг профилактика мақсатында, сондай-ақ Қағидалардың талаптарын бұзудың себептері мен жағдайлары туралы ескерту үшін Жеткізушілерге әдістемелік ұсынымдар әзірлеуге бағытталған.

9. Осы Тәртіpte пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

Мониторинг – бұл талаптарды сақтау туралы ақпаратты бақылау, жинау, өндөу және беру жүйесі. Мониторинг бекітілген кесте бойынша мониторингтік топпен жоспарланған/жоспардан тыс және қайта бару арқылы Жеткізушінің бұзушылықтарын уақтылы анықтауға мүмкіндік береді.

Жоспарланған көшпелі мониторинг - Оператор басшысы бекіткен кестеге сәйкес мониторингтік топ жүргізеді.

Қайта көшпелі мониторинг – жүргізілген жоспарланған көшпелі мониторинг қорытындысында анықталған Жеткізушінің бұзушылықтары жойылмаған жағдайда жүргізіледі.

Жоспардан тыс көшпелі мониторинг - тікелей Жеткізушіде үйірмеге баратын баланың заңды өкілінен шағым негізінде жүргізіледі. Сондай-ақ, ТЖ, карантин және қалалық коммуникациялардың апатына байланысты оқигалар негіз бола алады. Бұдан басқа, жергілікті атқарушы органдың және уәкілетті органдардың тапсырмасы негіз болып табылады.

Оператор – «Мемлекеттік шығармашылық тапсырысты іске асыру дирекциясы» КММ.

Жеткізуші – мемлекеттік шығармашылық тапсырыс шеңберінде қызмет көрсететін меншік нысанына қарамастан заңды тұлға немесе жеке кәсіпкер.

Баланың заңды өкілі – ҚР заңнамасына сәйкес баланың құқықтары мен мұдделерін қорғауды, білім беруді, тәрбиелеуді, қорғауды жүзеге асыратын ата-аналар (ата-ана), асырап алушылар, қамқоршылар, асырап алушы ата-аналар (асырап алушы ата-ана), патронат тәрбиеші және оларды алмастыратын басқа да адамдар.

Мониторингтік топ – Оператор басшысы бекіткен кестеге сәйкес мониторингтік іс-шараларды жүргізуге уәкілетті тұлғалар тобы.

Қоғамдық бақылау – азаматтар мен коммерциялық емес үйымдардың мемлекеттік және жергілікті өзін-өзі басқару органдары жұмысының ашықтығына қол жеткізуге, қоғамдық пікірді ескеруге, мемлекеттің тиімділігін арттыруға, оның қоғам алдындағы жауапкершілігін арттыруға және т. б. бағытталған қызметі.

Мониторинг нысаны – Жеткізушінің Қағидалар талаптарын сақтауына бағытталған қызметі.

«Damubala.kz» платформасы – 4 жастан 17 жасқа дейінгі (қоса алғанда) балаларға арналған жан басына қаржыландыру бағдарламасы бойынша шығармашылық үйірмелерді іздеуге және оларға жазылуға арналған ақпараттың жүйе.

Осы мониторинг жүргізу тәртібін Астана қаласы әкімдігінің мемлекеттік шығармашылық тапсырысын іске асыру жөніндегі Оператордың Басшысы бекітеді, сондай-ақ мемлекеттік шығармашылық тапсырыстың ақпараттық жүйесінде орналастырылады.



2. Дайындық жұмысы

2. Көшпелі мониторинг жүргізу алдында Оператор дайындық жұмыстарын жүргізеді.

Дайындық жұмыстары келесі кезеңдерден тұрады:

1) Талдау нәтижелері бойынша жоспарланған көшпелі мониторинг кестесі жасалады;

2) Оператор мемлекеттік шығармашылық тапсырыс қызметтерін жеткізушілердің көшпелі мониторингісін жүргізу кестесін бекіtedі;

3) Оператор мониторингтік топ құрамын бекіtedі;

4) қажет болған жағдайда мониторинг жүргізудің ашықтығын және қоғамдық бақылауды қамтамасыз ету үшін Астана қаласы мәслихатының депутаттарын, «Астана қаласының Мәдениет басқармасы» ММ қызметкерлерін және Астана қаласы Қоғамдық кенесінің өкілдері байқаушылар ретінде тартылады;

5) Оператор Жеткізушілерге көшпелі жоспарланған мониторинг жүргізу туралы хабарламаны ағымдағы айдан кейінгі айға бекітілген кестемен бірге мониторингтің басталуына кемінде 20 күн қалғанда алдын ала жібереді. Жоспардан тыс мониторинг кезінде хабарлама Жеткізушіге кемінде бір тәулік мерзімде жіберіледі.

6) Оператор қажет болған жағдайда Жеткізушілерден алдын ала сұраныс жібереді және қажетті ақпаратты жинауды жүзеге асырады.

3. Көшпелі жоспарланған мониторингті өткізу

3.1. Көшпелі жоспарланған мониторинг Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес және келсі шарттарды сақтай отырып жүзеге асырылады:

1) құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы уәкілетті органда тіркелу талап етілмейді;

2) жүргізілген көшпелі мониторинг қорытындылары бойынша Акт толтырылады, ал Актінің негізінде Қағидаларға сәйкес келмеген жағдайда әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғалмай, бірақ Жеткізушіге оларды жою тәртібін міндетті түрде түсіндіре отырып, Қорытынды (әдістемелік ұсынымдар беріле отырып) жасалады

3.2. Көшпелі жоспарланған мониторинг мемлекеттік шығармашылық тапсырысты іске асыруға қатысты Жеткізушінің қызметін талдау жолымен, Қағидаларға және көпшілікке арналған оферта бойынша Порталда Жеткізушінің қолданыстағы (мақұлданған) өтінімімен деректерді салыстыру жолымен, сондай-ақ уәкілетті мемлекеттік органдардан алынған қосымша ақпарат талдау арқыды жүргізіледі.

3.3. Жеткізушінің басшылары көшпелі мониторинг нысанына кедергісіз қол жеткізуді, сондай-ақ ұсынылған құжаттардың объективтілігі мен дұрыстығын қамтамасыз етеді.

3.4. Жеткізушінің басшылары өз қызметкерлері мен үшінші тұлғаларға мониторинг жүргізу процесіне араласуға жол бермеуі тиіс.

3.5. Құжаттарды уақтылы ұсынбаған, жалған ақпарат берген, сондай-ақ Жеткізушінің және үшінші тұлғалардың өкілдеріне, мониторингтік топтың адамдарына көшпелі мониторинг жүргізу процесіне араласқан жағдайда өз құзыretі шенберінде осы фактіні КР заңнамасына қайшы келмейтін әдістермен тіркеуге және Оператор басшысының атына көшпілікке арналған офертаны бұзу туралы өтінішхат жіберуге құқылы.

3.6. Оператор тұлғалары құжаттарды жеті жұмыс күнінен аспайтын мерзімде қарайды.

3.7. Көшпелі мониторингтік топтың құрамына Оператордың қызметкерлері кіреді.

Қоғамдық бақылаудың ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында мониторингтік топтың құрамына Астана қаласы мәслихатының депутаттары, «Астана қаласының Мәдениет басқармасы» ММ қызметкерлері және Астана қаласының қоғамдық кеңесінің өкілдері тартылуы мүмкін.

3.8. Оператор басшысының бұйрығымен өз құзыretі шегінде көшпелі мониторингтік топтың құрамы мен басшысы бекітіледі.

Көшпелі мониторингтік топтың құрамына Оператордың кемінде екі қызметкері кіреді.

3.9. Көшпелі мониторинг тобының басшысы (бұдан әрі - Басшы) мониторинг рәсімін жалпы жоспарлайды және оған басшылық жүргізеді.

3.10. Басшы көшпелі мониторингтік топ мүшелерін материалдармен таныстырады және олардың арасында Жеткізушінің материалдарын талдау және зерделеу және олардың нақты деректерін салыстыру бойынша нақты тапсырмаларды бөледі.

3.11. Көшпелі мониторинг жүргізу кезінде Оператор актіде мониторинг процесінде алынған мәліметтерді (құжаттардың түпнұсқалары, көзben шолып қарау, бейнебақылау жазбасы) көрсетеді, оған Оператор мен Жеткізуші (немесе Жеткізушінің үекілетті тұлғасы) екі жақты тәртіппен қол қояды, актінің бір данасы Жеткізушіге беріледі.

3.12. Актінің және алынған басқа да мәліметтердің негізінде қорытынды (әдістемелік ұсынымдар қоса беріледі) беріледі.

3.13 Мониторингтік топ мүшелері материалдарды талдау және зерделеу кезінде берілген мәліметтердің түпнұсқалығын келесі деректермен салыстырады:

- 1) қатысуға берілген өтінімге сәйкес Damubala.kz ақпараттық жүйесі;
- 2) ата-ана мен Жеткізуші арасындағы келісім-шарт;
- 3) балалардың портфолиосы;
- 4) білім алушылардың демалысқа жазған өтініштері және аурухана парактары;
- 5) үй-жайлардың Қағидаларға сәйкестігін көзben шолып тексеру.

3.14. Оператордың лауазымды тұлғалары мониторинг жүргізу кезінде мониторинг жүргізу үшін объектіге қол жеткізуге құқылы;

1) Жеткізушіден балалар мен жасөспірімдерге арналған шығармашылық үйірмелерде мемлекеттік шығармашылық тапсырысты орналастыру Қағидаларында көрсетілген қажетті құжаттардың түпнұсқалар пакетін сұратуға және КР қолданыстағы заңнамасы шенберінде әрекет етуге;

- 2) ҚР Мәдениет және спорт министрінің 2021 жылғы 28 сәуірдегі №122 бұйрығы 1 параграф 19 тармақтың 2 тармақшасына сәйкес, қажет болған жағдайда Жеткізушіден бейнекамералардан бейнежазбаны сол жерде көру үшін сұратуға;
- 3) Жеткізушінің қызметтіне қатысты қосымша ақпарат сұратуға;
- 4) мониторингке жіберілмеген кезде Жеткізушіге қатысты тексеру және шаралар қабылдау туралы қадағалау органдарына жүгінуге;
- 5) Жеткізушінің келісімімен мониторинг процесі барысында аудио, фото және бейнетүсірлімді жүзеге асыруға;
- 6) баланың заңды өкілдеріне сабакқа қатысу және оқыту сапасы тұрғысынан сауалнама жүргізуге.

3.15 Мониторингтік топ:

- 1) Өзінің қызметтік өкілеттіктері шеңберінде мониторинг жүргізуге.
- 2) Мониторингтік топтың жұмысына нұқсан келтіретін теріс қызықтарға жол бермеуге.
- 3) Заңнаманы, соның ішінде «Сыбайлас жемқорлық туралы» Заңды құқық бұзушылықтарына жол бермеуге.
- 4) Жеткізуші мониторингтік топ құру туралы Бұйрықпен таныстыруға.
- 5) Жеткізуші мониторингтік топтың құрамымен таныстыруға.
- 6) Жеткізуші мониторинг жүргізу кестесімен таныстыруға.
- 7) Жеткізушіге жоспарланған мониторинг жүргізу туралы 20 (жиырма) күнтізбелік күн бұрын хабарлауға.
- 8) Жеткізушіге жоспардан тыс мониторинг жүргізу туралы кемінде бір тәулік бұрын хабарлауға.
- 9) Жеткізушінің жүргізілген мониторинг Актісімен таныстыруға міндепті.

3.16. Көшпелі мониторингті жүзеге асыратын Оператор тұлғаларының әрекеттеріне (шешімдеріне) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген тәртіpte және мерзімдерде жоғары тұрған лауазымды адамға және (немесе) сотқа шағым жасалуы мүмкін.


3.17. Мониторингтік топ өз қызметінде шығармашылық үйірмелерді жан басына қаржыландыруды регламенттейтін Қазақстан Республикасының мәдениет саласындағы заңнамасын және Қазақстан Республикасының өзге де құқықтық актілерін басшылыққа алады.

4. Көшпелі мониторинг қорытындысын шығару

4.1. Жүргізілген көшпелі мониторинг қорытындысы бойынша мониторингтік топтың Басшысы қорытынды дайындейды.

4.2. Қорытынды көшпелі мониторинг жүргізу кезінде зерттеу бағыттары мен нысандары бойынша мәліметтерден, ұсынылатын қызметтердің Қағидалар талаптарына сәйкестігіне талдаудан, соның ішінде жұмыстағы кемшіліктер мен ескертулер туралы нақты ақпараттан, қорытындылар мен әдістемелік ұсынымдардан тұрады.

4.3. Мониторинг нәтижелері «Көшпелі мониторинг актісінде» көрсетіледі. Акт екі данада ресімделіп, оған Оператордың өкілі және Жеткізуші немесе нотариалды



куәландырылған құжат негізінде Жеткізушінің сенім білдірілген адамы қол қояды. Акт Тараптардың әрқайсысы үшін бірдей занды күшке ие.

4.4. «Көшпелі мониторинг актісіне» қол қойылған күн көшпелі мониторинг жүргізу мерзімінің аяқталғандығын білдіреді.

4.5. «Көшпелі мониторинг актісіне» қол қойылғаннан кейін 7 жұмыс күнінен кешіктірмей, оператор төменде көрсетілген тәсілдердің бірімен қорытынды жібереді:

1) Пошта арқылы – тапсырыс хатпен;

2) Электрондық тәсілмен – Жеткізушінің электрондық мекенжайына жіберілген күнімен. Жіберілген қорытынды Жеткізушіге жіберу фактісі бойынша тапсырылды деп есептеледі.

3) Damubala порталындағы хабарлама арқылы жіберілген қорытынды Жеткізушіге жіберу фактісі бойынша тапсырылды деп есептеледі.

4.6. Жеткізуші қорытындыда көрсетілген бұзушылықтар бойынша «Көшпелі мониторинг актісіне» қол қойылған сәттен бастап күнтізбелік 30 күннен кешіктірмей, бұзушылықтарды жою жөніндегі шаралар туралы мәліметтер береді.

Бұзушылықтарды жою жөнінде есеп берілмеген жағдайда, Оператор хабарламастан қайта көшпелі мониторинг жүргізеді.

5. Көшпелі қайта мониторинг жүргізу

5.1. Жоспарланған/жоспардан тыс мониторинг нәтижелері бойынша қорытындыда көрсетілген ескертудерді, сондай-ақ жүргізілген жоспарланған/жоспардан тыс мониторингтен кейін «Көшпелі мониторинг актісінде» тіркелген жаңадан анықталған бұзушылықтар жойылмаған жағдайда, қайта мониторинг жүргізу үшін негіз болып табылады.

5.2. Қайта көшпелі мониторинг қорытындылары бойынша әдістемелік ұсынымдар бойынша бұзушылықтар жойылмаған жағдайда, Оператордың өкілі Басшының атына көпшілікке арналған офертаны бұзу туралы өтініш жібереді.

6. Жоспардан тыс көшпелі мониторинг жүргізу

6.1. Жоспардан тыс мониторинг жүргізу үшін:

1) Баланың занды өкілінен түскен шағым;

2) ТЖ, карантинге және қалалық коммуникациялардың апраттарына байланысты кез келген оқиғалар.

3) Жеткізушінің қызметіне қатысты БАҚ-та немесе әлеуметтік желілерде орналастырылған ақпарат.

4) Балалардың денсаулығы мен өміріне зиян келтіру туралы мемлекеттік билік, жергілікті өзін-өзі басқару органдарынан ақпарат.

5). Кәсіпорын өрттен, су тасқынынан немесе басқа төтенше жағдайлардан зардал шеккенде негз болып табылады.

6.2. Баланың занды өкілінен шағым түскен жағдайда, мониторинг шағым нысанасы бөлігінде ғана жүргізілетін болады.

